



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

6. Ф.Б.Бөрібекова Н.Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Алматы: 2014. 360 б.
7. «Жалпыұлттық құндылықтар негізінде білім беру және тәрбиелеу»: Республикалық педагогикалық құрылтай материалдары: 2. Б. Қарағанды:2022. 446 б.
8. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік–педагогикалық журнал. Алматы: 2017. 215 б.

ӘОЖ 371.3:811.111

СЮЖЕТТІК–РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ТІЛІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Серікова Гүлназ Серікқызы
Астана халықаралық университетінің
«Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының магистранты
Астана қаласы, Қазақстан
E-mail: serikova.gulnzzz@gmail.com

Аннотация

Мақалада жоғары сынып оқушыларының шет тілінде коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы мен шет тілін меңгеруде сюжеттік–рөлдік ойындарды қолдану жолдары қарастырылған. Ойын элементтерін қолданудың талаптары мен шарттары, тиімділігі атап көрсетілген. Оқушының шет тілінде еркін қарым–қатынас жасауына бағытталған тапсырмалар ұсынылған.

Түйінді сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, сюжеттік–рөлдік ойындар, сөйлеу қызметінің түрлері

Аннотация

В статье рассмотрены важность формирования коммуникативных навыков у старшеклассников на иностранном языке и способы использования сюжетно–ролевых игр при овладении иностранным языком. Подчеркнуты требования и условия, эффективность использования игровых элементов. Представлены задания, направленные на свободное общение учащегося на иностранном языке.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, сюжетно–ролевые роли, виды речевой деятельности.

Annotation

The article discusses the importance of the formation of communication skills in high school students in a foreign language and the ways of using plot–role–playing games when mastering a foreign language. The requirements and conditions, the effectiveness of the use of game elements are emphasized. The tasks aimed at the free communication of the student in a foreign language are presented.

Key words: communicative competence, role–playing roles, types of speech activity.

Жоғары сынып оқушыларының өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым–қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен шет тілін оқыту үрдісінде қалыптасады. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнде–лікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым–қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым–қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. [1, б. 56]

Коммуникативті оқытуда білім беру – оқушының өзін ауызша (тыңдап түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға (оқу және жазбаша) тарту, яғни, оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым–қатынасын қалыптастыру

Жалпы білім беретін мектептің бағдарламасында «Шетел тілі» (Ағылшын тілі) оқу пәнінің жалпы мақсаттары ретінде

Коммуникативті – мәдениаралық құзыреттілік пен оны құрайтын қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыру:

Шетел тілі сабағында сөйлеу қызметінің барлық түрлері (айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым / жазбаша сөйлеу) және коммуникативтік құзыреттілікті құрайтындар (сөйлеу, тілдік, әлеуметтік–мәдени, компенсаторлық, оқу–танымдық) болуы тиіс екендігі айтылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. [1]

Бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға мүмкіндік береді. Бағдарлама талаптарына сай жеке тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін дамы-

туда, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда, жаңа сөздерді меңгертуде, тілге деген қызығушылығын арттыруда, білім деңгейін тексеруде ойын элементтерін пайдаланған жөн. Таңдап алынған ойындар оқушылардың жас ерекшелігіне, сөз байлығына, білім деңгейіне сай болуы керек. Ойын – балалар әрекетінің бір түрі, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным үдерісіне әсерін тигізеді.

Ойын – балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Ұлы классик педагогтар Я.А.Каменский, И.Песталоцци, А.Макаренко, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский және қазақ халқының ағартушы педагогтары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаевтар, ойынның маңызын айта келе, «ойын дегеніміз – айқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Міне, ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял, қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, өмір тынысы» – дейді. [2, б. 24]

Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы сапаларын дамытатын басты нәрсе: білім, әрекет, қарым-қатынас. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, ойын түрлерін төмендегідей жүйеленеді:

1. Мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, мектеп, кітапхана, театр т.б.
2. Қимыл-қозғалыс ойындары
3. Дидактикалық ойындар: орныңды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, жалғастыр, дәл тауып айт, т.б.
4. Құрылыс ойындары: лото, және басқа конструкторларды пайдалану;
5. Рөлдік-сюжеттік ойындар: ертегі, әңгімелерді рөлдерге бөле отырып орындау, сахналық көрініс көрсету.

Ойындарды ұйымдастыру мен жүргізу педагогикалық тұрғыдан бірқатар шарттарға байланысты:

1. Ойынның сабақтың дидактикалық мақсатына сәйкестігі.
2. Ойындардың мазмұны мен формасына қарай әртүрлілігі.
3. Ойынның балаларға түсінікті және тартымды болуы.
4. Ойынға қатысушылардың белсенді шығармашылық позициясы.
5. Ойынның эмоционалды болуы.

Осы шарттардан ойынды ұйымдастыруға мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

1. Ойынның мақсаты және керекті көрнекті құралдар мен материалдар күні бұрын дайындалып отыруы тиіс.
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі оқушыларға әбден түсіндірілуі қажет.
3. Ойынға сыныптағы оқушылардың барлығының қатысуын қамтамасыз ету керек.
4. Оларды ойын үстінде ойлай білуге, шешім қабылдай білуіне жетелеу керек.

Ойын элементтерін пайдалану үшін мұғалім сабақта жоспарлау барысында төмендегі шарттарды ескеруі тиіс:

- ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес болуы;
- ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
- ойын түрін нақтылау (топпен ойын немесе жеке ойын);
- ойынға қажетті материалдардың дайындалуы;
- пысықталатын грамматикалық, лексикалық, фонетикалық материалдардың анықталуы;
- ойынның өту барысы жоспарының жасалуы
- Ойынға қатысушы оқушылар мұғаліммен, өзге оқушылармен қарым-қатынасқа түседі, өз

қабілетін шыңдайды, белсенділігі артады.

Оқу үрдісінде қолданылатын ойындардың түрлері:

1. Рөлдік ойындар
2. Іскерлік ойындар
- а) Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындары; блиц ойындары.
- ә) Өңдірістік ойындар

Рөлдік ойындар екі түрлі ұйымдастырылады:

1. Әр оқушы рөлде ойнайды.
2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Іскерлік оқу ойындарына келсек, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау. Саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады. Блиц оқу ойындары оқушылардың біліктері мен дағдыларын дамытуға бағыт-талады. Мысалы, фотосуреттерді баяндау (отбасы мүшелерін, достарын, өз үйін т.б.); сұхбат алу.

Оқушылардың коммуникативті сөйлеу қабілетін дамыту мақсатында төмендегідей коммуника-тивті ойындарды пайдалануға болады. Мысалы:

Interviewing an interesting person. Бір оқушы танымал атақты адамның (саясат қайраткері, әнші, актер, спортшы, т.б.) ролін ойнайды. Сыныптастары әртүрлі сұрақтар қоя отырып, оның кім екендігін табуы тиіс. Сұрақтар былай болуы мүмкін:

What's your hobby? What kind of meal/sport/clothes/ do you like? Are you a man or a woman? Are you married or a single? т.б.

Jus the facts.

Мұғалім тақтаға 3 сұрақ жазады, мыс: What kind of music do you like? Where do you usually listen to music? Who is your favourite singer?

Әрбір оқушы 3 үлестірмелі қағаздан алып, оның әрқайсысына, әр сұраққа жауап жазады. Мұғалім барлық қағаздарды жинап алып, араластырады да, әр оқушыға үш–үштен таратады. Оқушылар сынып ішінде сұрақ қоя жүріп, қолындағы карточканың иесін іздейді.

Барлық карточкалар өз иесін тапқанда ойын аяқталады.

Бұл 9–с сынып оқулығындағы «Music in our life» тақырыбын өткенде немесе музыкаға қатысты сабақтарда пайдалануға болады.

Мына төмендегі сұрақтарды пайдалана отырып, оқушылардың сүйікті заттары, әрекеттері туралы айтыңыздар деп сұрақ арқылы ойнатуға болады.

What is your favourite TV show? Why?

What is your favourite magazine? Why?

What is your favourite gift you have received? Why?

What is your favourite time of the day? Why?

What is your favourite day of the week? Why?

Сұрақтарды оқушылардың деңгейіне қарай жеңілдетіп немесе күрделендіріп отыруға болады.

Сонымен бірге, ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативті сөйлеу біліктілігін дамыту үшін: Interrupting the story, Make a text, Answer the questions, Find the theme, Make a story, Tell the story on the III–rd form, Name game, Introductions, Who am I?, Word race, Recipe banquet, Questions, Objects, Sentence Completion, Learning the actions. ойынын қолдануға болады.

Сабақ үдерісінде қолданылатын коммуникативті ойындар мен ойын әрекеттерін, тапсырмалар мен жаттығуларға да тоқталып өтуді жөн санаймыз.

Ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде жалпы орта мектеп сыныптарында пайдаланатын: ойын–сабақ, ойын–жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойын–дар, логикалық ойындар, рөлдік ойындар т.б. Осылардың ішінде дидактикалық мақсаттағы ойындар–дың оқыту үрдісінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуда үлесі зор болып табылады. [4, б. 45] Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда мектеп оқушылары белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш – ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалім–дердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс – әрекеті. Оқушылардың қызығуын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Тақырыптық «рөлдік–ойындар» оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады. Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады. Ойын арқылы оқушының білімі мен бейімін, жеке тұлғалық қасиет–қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттеледі. Ойындардың қажеттілігін іріктеп ала білу–ұстаз шеберлігіне байланысты. [3, б. 56] Оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Ойынның мақсаты – қажетті сөздерді дұрыс тауып айтуға жаттықтыру, оқушы зейінін қалыптастыру. Мұғалім сол сабаққа қатысты жалпылама сөзді атайды, оқушылар қажетті сөздерді атайды немесе жазады. Сондай–ақ оқушы зейінін қалыптас–тыруда «Who's the faster?» ойынын өткізуге болады. Бұл ойынды барлық сабақтарда қолдануға болады. Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы, зейіні, тілін дамыту үшін дидактикалық ойындар мен тапсырмалардан басқа грамматикалық ойындардың орны ерекше. Яғни құзіреттілік тапсырмалар арқылы оқушының тілімен, оқуға деген және пәнге деген ынтасы артады. Ағылшын тілі пәні сабағында ойын түрлері арқылы оқушылардың тілді дұрыс меңгеруі олардың ой–өрісін кеңейтіп, өзіндік пікірін қорғауға, сөйлеу тілінің дамуына ықпал етеді. Шетел тілінде сөйлеуді, қарым–қатынас жасауды үйретуді мақсат еткен әрбір мұғалім өз сабақтарында ойын түрлерін шамадан асырмай ретімен, қажеттігіне қарай отырып қолданғаны жөн.

Қорыта келгенде, оқу үрдісінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Нәтижесінде:

- қарым–қатынас жасау арқылы сөйлеу дағдысы артады;
- әр оқушының шығармашылығы артады;
- шапшаң жұмыс істеуге дағдыланады;

– оқушының жеке қабілеті анықталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Алматы: 2014. 360 б.
4. Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Монография. С.С.Кунанбаева. Алматы, 2014. 208 б.
5. Нуржанова А. Коммуникативный подход в методике обучения иностранному языку // Изденіс (Поиск). 2006. №4(2). 315–318 с.

ОӘЖ 378.146

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРНЕТ – РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сәмет Ұлжан Сырлыбайқызы
магистрант
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қаласы, Қазақстан
E-mail: samet.ulzhan@mail.ru

Аңдатпа

Интернетті білім беру ортасында пайдалану көптеген ресурстарға қол жеткізуді жеңілдетті, сондықтан ақпарат алмасу айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, мұндай бөлісуді кеңінен қолдану бұл ресурстарды кез келген жерде және кез келген уақытта пайдалануға болатын қосымша артықшылықтар әкелді. Бұл технологияның тиімділігі білім алушылардың оқу үлгеріміндегі қалаған нәтижелердің үлесі арқылы бағаланса да, оны дәл анықтау қиын. Өйткені жасөспірімдер, әсіресе кейбір студенттер Интернетті білім беруден басқа себептермен пайдаланады (олар интернеттің қызықты түрін зерттейді). Бұл мақалада Интернетті пайдалануды зерттеуден гөрі интернеттегі ресурстарға қол жеткізудің тиімділігі зерттелді. Сонымен қатар, университет студенттері өз жобасында және семинар сабақтарда пайдаланатын интернет ресурстарының қандай әсерлері байқалатынын анықтауға тырыстым.

Түйін сөздер: интернет – ресурс, жоғары оқу орнындағы білім, wordwall сайты, google іздеу жүйесі.

Аннотация

Использование Интернета в образовательной среде позволило легко получить доступ ко многим ресурсам, и, следовательно, обмен информацией значительно увеличился. Кроме того, распространенность этого совместного использования принесла дополнительные преимущества в том смысле, что эти ресурсы могут использоваться в любом месте и в любое время. Хотя эффективность этой технологии, она оценивается с использованием доли желаемых результатов в достижении учащихся, точно не выходит и трудно определить. Следовательно, со временем было проведено много исследований, чтобы понять причины этой ситуации. Поскольку подростки, особенно некоторые студенты университетов, иногда используют Интернет по причинам, отличным от образовательного (они исследуют забавную точку зрения на Интернет). Эффект Интернета в образовании, следовательно, является относительно ограниченным. В этой статье рассматривается эффективность доступа к ресурсам в Интернете, а не исследование использования Интернета. Кроме того, я попытался определить влияние интернет-ресурсов, используемых студентами вузов в своих проектах и семинарах.

Ключевые слова: интернет-ресурс, высшее образование, сайт wordwall, поисковая система google.

Abstract

The use of the Internet in the educational environment has enabled easy access to many resources, and information sharing has, therefore, significantly increased. Moreover, the prevalence of this sharing has brought additional benefits in that these resources can be used in any location and any time. Although the efficiency of this technology, it is evaluated with use of proportion of the desired results in student achievement does not exactly come out and is difficult to determine. Hence, much research has been conducted over time to understand the reasons for this situation. Since adolescents, especially some university students sometimes, use the Internet for reasons other than educational (they explore the funny view of the Internet). The effect of the Internet in education is, hence, relatively limited. This article focuses on the effectiveness of access to resources on the Internet, and not a study of the use of the Internet. In addition, I tried to determine the impact of Internet resources used by university students in their projects and seminars.

Key words: Internet resource, higher education, wordwall site, google search engine.

Интернетті пайдалану, әсіресе білім беру саласында біраз уақыттан бері зерттеліп келеді және әдебиеттерде бұл тақырып бойынша көптеген әртүрлі зерттеулер бар. Деспосито және Гарнер (1999) зерттеуі университет студенттерінің Интернетті пайдалану тенденцияларын және колледж студент–